

**«Облыстық АИТВ-ның алдын алу орталығы» МКК эпидемиологиялық және
профилактикалық жұмыс бөлімдері**

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Талдықорған қ.

14 шілде 2026 ж.

Төрағалық етуші:

бөлім меңгерушісі Карипханова А.А.

Хатшы:

комплаенс-офицер Салимов Г.Д.

Қатысқандар:

бөлімдердің мамандары

Күн тәртібі: Жана Конституция аясында мемлекеттің сыбайлас
жемқорлыққа қарсы саясаты

Комплаенс-офицер Г.Д.Салимов: Құрметті әріптестер!

Бүгін мен Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Жана Конституциясы аясында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мәселелеріне тоқталғым келеді. Бұл оқиға біздің еліміздің дамуындағы бетбұрыс кезеңі болды және біз мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың жана қатидаттарының конституциялық деңгейде қадай бекітіліп жатқанының куәгері болып отырмыз. 2026 жылғы 15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда қабылданған Негізгі Заң бағыттардың кен ауқымы бойынша елеулі жаңалықтарды қамтиды және осы жаңалықтардың көпшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласына тікелей қатысты.

Мемлекет басшысы III республикалық мәслихат депутаттары форумында сөйлеген сөзінде жана Конституция жобасының басты жанапшылдығы ретінде соттылығы өтелген немесе алынып тасталған күннің өзінде де сыбайлас жемқорлықпен айналысқан адамдарға сайлану құқығына тыйым салуды атады. Бұл норма Жана Конституцияның 35-бабында өз бекімін тапты, оған сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстар немесе құқық бұзушылықтар жасағаны үшін сотта кінәлі деп танылған адамдардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлануға құқығы жоқ. Осылайша, біздің еліміз ең жоғары заңнамалық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын бекітіп, сыбайлас жемқорларды ешқашан билікке оралу мүмкіндігінен айырады.

Бірақ өзгерістер мұнымен бітпейді. 2026 жылғы 12 маусымда Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамаға ауқымды өзгерістер енгізетін заңдар топтамасына қол қойды. Бұл түзетулер бірнеше негізгі бағыттарды қамтиды және мен сіздердің назарларыңызды оның ішінде біздің күнделікті қызметімізге тікелей қатысы бар аспектілерге аударғым келеді.

Ең алдымен, пара алу және беру үшін ғана емес, сонымен қатар пара уәде ету, ұсыну немесе талап ету үшін де қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Бұл енді заңсыз сыйақы туралы уәденің өзі қылмыстық жазаланатын әрекет дегенді білдіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік ұйымдарда және біздің медициналық ұйым да жататын квазимемлекеттік секторда заңсыз сыйақы алу үшін жауапкершілік күшейтіледі. Занды тұлғалардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін әкімшілік жауапкершілігі арттырылып, жеке тұлғалар үшін әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша ескіру мерзімі бір жылдан үш жылға ұзартылды.

Мүдделер қақтығысын реттеудің жана тәсіліне ерекше назар аударғым келеді. Заң жеке мүдде ұтымын енгізеді және мүдделер қақтығысының үш түрін

бекітеді: әлеуетті, нақты және орын алған. Әрбір жағдай үшін әрекет ету тәртібі белгіленеді. Нақты мүдделер қактығысы кезінде қызметкер бұл туралы екі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндетті, ал мүдделер қактығысын реттеу жөніндегі шаралар он жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. Сондай-ақ, жеке мүдделерді декларациялау міндеті белгіленеді. Мемлекеттік қызметшілерге және оларға теңестірілген адамдарға лауазымдық өкілеттіктерін жеке мүдделерінде пайдалануға тыйым салынады.

Туыстар мен байланысты адамдардың бірлескен қызметіне қойылатын шектеулер едәуір күшейтіледі. Шектеулер тікелей бағыныштылыққа ғана емес, сонымен қатар жанама ықпал ету, ішкі бақылау және кадрлық сүйемелдеу жағдайларына да қолданылады. Бір ведомствода басшының жақын туыстарының, оның ішінде жиендерінің, балдыздарының, жөнгелерінің, қайын ағаларының және күйеу балаларының жұмыс істеуіне тыйым салынады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерге жататын адамдар тобы да кеңейтіледі — оған квазимемлекеттік сектор қызметкерлері, сондай-ақ бюджет пен Ұлттық қордан қаржыландырылатын жобаларға қатысушылар кіреді.

«Е-қызмет» цифрлық кадрлық жүйесінің жұмысы жеке нормамен бекітіледі, ол мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордағы барлық кадрлық процестерді бірыңғай цифрлық форматқа көшіреді. Бұл мүдделер қактығысын анықтауды автоматтандыруға және кадрлық шешімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Бұл өзгерістердің барлығы — заңнамадағы ресми түзетулер ғана емес. Олар арқайсымыздан кәсіби этика және адалдық мәселелеріне деген көзқарасымызды қайта қарауды талап етеді. Жана Конституция «адам үшін мемлекет» үлгісіне көшуді бекітіп, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін мемлекеттік саясаттың орталығына қойды. Ал біз медициналық ұйымның қызметкерлері ретінде күн сайын пациенттердің сеніміне тап боламыз. Біздің міндетіміз — осы сенімді ақтап, адал, ашық және заңға қатаң сәйкес жұмыс істеу. Есіңіздерде болсын: сыбайлас жемқорлық кішкентайдан — ережелерді елемейден, ұсақ бұзушылықтардан, мәселені «таныстық бойынша» шешуге тырысудан басталады. Ал ол, енді көріп отырғанымыздай, мемлекеттік лауазымдарға өмір бойы тыйым салумен және қылмыстық жауапкершіліктен аяқталады.

Зандылық, ашықтық және әрбір адамға құрмет қағидаттарына негізделген ұйымды бірге құрайық. Назарларыңызға рахмет!

Төрағалық етуші:



Каримханова А.А.

Компиленс-офисер:



Салимов Г.Д.